

## "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Жас өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 414 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 178-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі оған "Жас өркен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Рухани-адамгершілік құндылықтарға, Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысты ақпарат тарату "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қызметінің негізгі нысанасы болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындастырылған шараларды қабылдасын.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

A. Мамин

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 19 маусымдағы  
№ 414 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадының мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат) қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері респубикалық меншіктің қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 123-136-жол алып тасталсын.

2. "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін респубикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне" деген бөлімде:

реттік нөмірі 375-7-жол алып тасталсын.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.03.2020 № 142 қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.10.2023 № 866 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК